

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 13 қыркүйектегі № ДС-306

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Күнделік» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (*бұдан әрі – «Күнделік» ақпараттық жүйесі*) жұмыс істеуіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

«Күнделік» ақпараттық жүйесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен «Күнделік» ЖШС арасында жасалған Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты (*бұдан әрі – шарт*) негізінде жұмыс істейді.

Шартқа сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын қаржыландыру «Күнделік» ақпараттық жүйесінің жекеменшік қаражаты есебінен немесе ол кез келген үшінші тұлғалардан тартқан қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Оқу-ағарту министрлігінің ақпаратына сәйкес «Күнделік» ақпараттық жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етуге авторлық құқықтар Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген «Күнделік» ЖШС қазақстандық компаниясына тиесілі.

Қазіргі уақытта «Күнделік» ақпараттық жүйесі 6,4 мыңнан астам мемлекеттік және жекеменшік жалпы білім беру ұйымдарына сервистер ұсынады. Жүйеде күнделікті негізде 380 мыңнан астам мұғалім, 3,2 млн-нан астам оқушы және 2,5 млн-нан астам ата-ана жұмыс істейді.

Дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында «Күнделік» ақпараттық жүйесі «Электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторының Деректерді өңдеу орталығында – ақпараттық қауіпсіздік периметрін қамтамасыз ететін және деректерді сақтау мен қорғауға қойылатын талаптарды айқындайтын «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-да орналастырылған.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (*бұдан әрі – ЦДИАӨМ*) мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ағымдағы жылы «Күнделік» ақпараттық жүйесін серверлерде орналастыру құны 309,9 млн теңгені құрайды.

«Күнделік» ақпараттық жүйесіне Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ және ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитетінен ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік актісі бар (2019 жылғы 6 маусымдағы № 012.2019.366).

Сонымен қатар «Күнделік» ақпараттық жүйесі 1-деңгейдегі ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілер жүйесі болып табылғандықтан Ұлттық қауіпсіздік комитеті «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ның және ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің тоқсан сайынғы тексерулері мен рәсімдерінен өтеді (*бұған бастапқы кодты тексеру, жүктемені тексеру, осалдықтарды анықтау, желі параметрлері және сервер аппараттық кешенінің параметрлері кіреді*).

Теріс жарнаманы жою мақсатында Kundelik.kz бетінде Kundelik.kz пайдаланушылары үшін өз браузерінің кэшін (буферін) тазалау және плагиндерін (кеңейтімдерін) тексеру бойынша тиісті нұсқаулар орналастырылған (<https://portal.kundelik.kz/kz/articles/397-o-reklame-v-kundelik-kz>).

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының 15-бөлімінің 1-тармағының в) тармақшасына сәйкес «Күнделік» ЖШС Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, «Күнделік» ақпараттық жүйесі жарнамалық ақпаратты орналастыруға құқылы.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы «Күнделік» ақпараттық жүйесіне қатысты өз ұстанымдарын Сіздерге жолдады.

Оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге қажетті «Күнделік» ақпараттық жүйесінің келу, бағалау, үй тапсырмалары, сабақ күнтізбелік жоспарлары бойынша функционалы тегін болып табылады. Ақылы функциялар міндетті емес қызмет болып табылады және тек ата-аналардың қалауы бойынша ұсынылады (*рейтингтер, болжамдар, қалалар, облыстар, республика бойынша баланың үлгерімін талдау, SMS-хабарлама, мобильді қосымшалардағы қызметтер және т.б. деген сияқты*).

Жалпы бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің ерекше бақылауында.

Т. Дүйсенова